

Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2010 жылғы 16 сәуірде № 7-1-183 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 қарашадағы № 30-5 шешімімен

Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 25.11.2014 № 30-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары" Заңының 97 бабына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағида" 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2 қосымшаға сәйкес Орал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Көрсетілген шешіммен бекітілген Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасының 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін және 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 2 тармағының 4) тармақшасы, 10 тармағының оныншы абзацы және 2 тармағының 4) тармақшасының үшінші абзацы, 5 тармағының ережелерін жекешелендірілген тұрғын жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығысын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге қоспағанда, осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық

мәслихатының 21.10.2013 № 17-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Орал қалалық мәслихатының
кезекті 27-ші сессиясының
төрағасы В. П. Любавин

Орал қалалық мәслихатының
хатшысы Ә. Қ. Истелюев
Орал қалалық мәслихатының
2010 жылғы 12 наурыздағы
№ 27-12 шешіміне 1 қосымша

**Орал қаласында аз қамтамасыз етілген
отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін
көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы
Қағида**

1. Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы осы Қағида (одан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне" сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;
отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
уәкілетті орган - тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» (бұдан әрі уәкілетті орган);

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.04.23 № 4-15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға,

жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.12.12 № 9-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. - алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.12.12 № 9-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Тұрғын үй көмегін коммуналдық қызметтің есептеу құралы бар алушыларға есептеу кезінде жоғарыда белгіленген тарифтер пен нормативтерден аспайтын санауыш көрсеткіштері бойынша нақты шығындар қолданады.

5. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. 5 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.12.12 № 9-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Ережесіне сәйкес орындалады және қолданыстағы абоненттік ақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік ақы арасындағы айырма, яғни, телекоммуникация қызметтеріне

абоненттік ақыны өсірудің айырмасын есептеу арқылы анықталады.

7. Коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысы сомасының құрамына мыналар енеді: пайдалану шығындары, су, канализациямен қамтамасыз ету, газ, электр, жылумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару, лифт пайдалану және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметі.

8. Тұрғын үйді күтіп ұстау және коммуналдық қызметті пайдалану шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысынан 10%, ал жалғызбасты және ерлі-зайыпты жұптар үшін: зейнеткерлер, мүгедектер үшін ауыру себебіне қарамастан және оларды күтетін азаматтарға, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар, күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы 50-ден асқан жұмыссыз әйелдер, жасы 55-тен асқан жұмыссыз ерлер үшін 7% көлемінде белгіленеді.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2011.06.28 № 39-13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар, сонымен қатар жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге шекті жол берілетін шығыстар үлесі осы Қағиданың 8 тармағына сәйкес к е л е д і .

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.12.12 № 9-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Тұрғын үй көмегін отбасыларға (азаматтарға) тағайындау тәртібі

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады: өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш
берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық
ә к і м д е р д і ң а ң ы қ т а м а с ы ;

отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер
отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу
тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес
б е л г і л е н е д і ;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы
жарналардың мөлшері туралы шоттар;
коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс
қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді
пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері
т у р а л ы ш о т ;

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде
тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын
саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес
электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін
көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.

Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық
мәслихатының 2012.04.23 № 4-15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерту енгізілді - Батыс
Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.12.12 № 9-5, 27.02.2014 №
20-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
ш е ш і м д е р і м е н .

11. Тұрғын жайда бірнеше меншік иелері тұрған жағдайда тұрғын үй көмегі
алғашқы өтініш берген тұлғаға отбасы құрамындағы басқа меншік иелерін есепке
алып, тағайындалады. Егер құжаттардың тізімі толық болмаса, тұрғын үй көмегі
т а ғ а й ы н д а л м а й д ы .

12. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша хабарлама және тұрғын
үйді күтіп ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну шығындары, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар, отбасының (азаматтың)
жалдау ақысы жөнінде мәлімет жасалады. Мәліметтерде көмек тағайындау есебі
көрсетіледі. Хабарламаның бір данасы тұрғын жайдың меншік иесінде (жалдаушыда) сақталады. Хабарламаның үлгісі бөліммен белгіленеді.

Ескерту. 12 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық
мәслихатының 2012.12.12 № 9-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап

қолданысқа

енгізіледі)

шешімімен.

Хабарлама тұрғын үй көмегін беруге негіз болып табылады

13. Азаматтардың келесі санаттары үшін өтемақы шараларымен коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне қамтамасыз етілетін тұрғын жай алаңының нормалары, пайдаланып отырған тұрғын жайдың бір бірлігінің нақты аумағына, бірақ 64 шаршы метрден аспайтын болып: зейнеткерлер, жалпы ауру бойынша мүгедектер және оларды күтетін азаматтар, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, ал басқа санаттағы азаматтар үшін тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын жай алаңының нормасы шегінде б е л г і л е н е д і .

Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын жай алаңының нормалары кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы тұрғын жайдың бір бірлігінің нақты аумағына, бірақ 50 шаршы метрден аспайтын болып белгіленеді.

Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.07.13 № 30-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Тұрғын үй көмегі жарты жылдық бойына алты ай мерзімге, жарты жылдық алдындағы шығыстар өткен тоқсанға немесе қызметтер толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсанға есептелсін өткен тоқсандағы кіріс бойынша, егер ағымдағы тоқсанда тарифтерде өзгерістер болса, онда ағымдағы тоқсан тариф бойынша тағайындалады. Тұрғын үй көмегін тағайындауға арналған құжаттары тіркелген арыздарды қабылдау жартыжылдықтың соңғы айының 18 күніне дейін ж ү р г і з і л е д і .

Тұрғын үй көмегі жартыжылдық сайын тоқсандарға бөле отырып тағайындалады. Бірінші жартыжылдықта І-ші тоқсан - жылу беру мерзімі, ІІ-ші тоқсан – жазғы мерзім, екінші жартыжылдықта ІІІ-ші тоқсан – жазғы мерзім, ІV-ші тоқсан - жылу беру мерзімі. Жаңа мерзімге көмекті ресімдеу ресімдеудің алғашқы процедурасына ұқсас.

Ескерту. 14 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.07.13 № 30-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Тұтынушы жылу энергиясын тұрғын жайдың 1 шаршы метрін жылумен қамтудың өзіндік құны табиғи монополиялар субъектілері үшін белгіленген тарифтерден жоғары жылу көздерінен алатын болса, уәкілетті орган өзінің есеп шотына түскен есептерге және тұрғындардың тіркелген тізіміне сәйкес қамтамасыз етуші мекемеге айырманы төлейді. Жылумен қамтамасыз ететін сомманың айырмасы қызмет көрсетушінің есеп шотына содан кейінгі аударылыммен тұрғындардың жеке есеп шотына аударылады.

16. Отбасының (азаматтың) тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шекті жол берілетін шығыстар үлесі, отбасының табысы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызметтің тарифтері мен ставкалары өзгерген жағдайда алдыңғы тағайындауда уақытылы ескерілмеген табыстарды уәкілетті орган бұрын тағайындалған көмекті қайта есептейді.

17. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін тағайындауға қатысы бар қандай да болмасын өзгерістер жөнінде 10 күн мерзім ішінде (отбасы құрамы, бюджеті, жылжымайтын мүлік алуы және тағы басқа), сондай-ақ көмекті қате есептеу жайттары жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Уәкілетті органға қасақана қате мәліметтер бергендігі салдарынан заңсыз немесе көтермеленген өтемақы тағайындалса, меншік иесіне (жалдаушыға) тұрғын үй көмегі бір жылғы мерзімге дейін берілмеуі мүмкін, ал заңсыз түрде алынған тұрғын үй көмегі түріндегі сомалар ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтарылады. Келесі мерзімге арналған тұрғын үй көмегі заңсыз алынған тұрғын үй көмегі бюджетке қайтарылған соң тағайындалады.

Ескерту. 17 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.07.13 № 30-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Уәкілетті органның қызметкері арыз иесінің тұрғылықты жеріне баруға қ ұ қ ы л ы .

19. Тұрғын үй көмегі жылу беру мерзімі кезінде орталық жылуға қосылмаған және жылы сумен қамтамасыз етілмеген, пәтерді жылыту автономды жылыту құрылғысымен жүзеге асырылатын үйлердің меншік иелеріне тағайындалады. Бұл жерде электрқуатына төленетін соманы тұрғын жай ауданының нормасына және есептегі мерзімде қызмет көрсетушінің тарифіне сәйкес жылу мен ыстық су төлеміне баламалы сомамен есептейді.

20. Жеке меншігінде бір тұрғын жай бірлігінен артық тұрғын жайы немесе тұрғын жайын жалға немесе жартылай жалға берген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды. 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған,

күтімге мұқтаж мүгедектерді күтетін тұлғаларды, сонымен қатар емдеу мекемелерінде есепте тұрған психикалық аурулармен ауыратындар және уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөнінде дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы барларды қоспағанда, еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскери қызмет атқармайтын және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген отбасы мүшелері бар отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі берілмейді.

Жұмыссыз ретінде белгіленген тәртіппен тіркелген тұлғаларға тұрғын үй көмегі жұмыссыз мәртебесі берілген айдан бастап тағайындалады.

Ескерту. 20 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.07.13 № 30-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. тарау алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2012.04.23 № 4-15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

4. Тұрғын үй көмегін төлеу

27. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеу тұрғын үй көмегін көрсетуге көзделген бюджеттік қаражат есебінен екінші деңгейдегі банктер арқылы арызда көрсетілген тұрғын үй көмегін алушылардың жеке есеп шотына уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

Келесі жартыжылдықта тұрғын үйді ұстауға (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) коммуналдық қызметті қызметтерді пайдаланғаны үшін, күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарды, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына тағайындалған сомалардың төленгені жөнінде түбіртек

ұ с ы н а д ы .

28. Төленбеген немесе жартылай төлеген жағдайда, тұрғын үй көмегі, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналардың шығындарын төлеуге арналған көмек, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына тағайындалған өткен кезеңдегі сомаларды бекіткен құжат (түбіртек) болмаса, келесі кезеңде отбасының (азаматтың) жоғарыда көрсетілген көмектер берілмейді.

Тағайындалған тұрғын үй көмегі жартыжылдыққа төленеді.

Ескерту. 28 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.07.13 № 30-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

29. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған

жарналардың шығындарын төлеуге, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы белгіленген нормаларға сәйкес нақты есептелген соммадан аспауы қажет.

30. Жыл сайын уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін қаржыландыруға бюджеттік сұраным дайындалып, Орал қалалық мәслихатының сессиясында бекітіледі. Орал қаласының қаржы бөлімі ақшалай қаражаттарды ай сайын уәкілетті органға аударады. Тұрғын үй көмегі бөлімі ай сайын берілген соммасы көрсетілген тұрғын үй көмегінің тағайындалғаны және төленгені жөнінде ақпаратты мәлімет үшін Орал қаласының қаржы бөліміне ұсынып отырады.

31. Тұрғын үй көмегін тағайындау барысында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

О р а л	қ а л а л ы қ	м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 0	ж ы л ғ ы	1 2
№ 27-12 шешіміне 2 қосымша		
н а у р ы з д а ғы		

Орал қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-67 тіркелген, 2007 жылғы 3 мамырдағы "Жайық үні" газетінде № 18 және 2007 жылғы 17 мамырдағы "Пульс города" газетінде № 20 жарияланған).

2. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 47-9 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-73 тіркелген, 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "Жайық үні" газетінде № 50 және 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "Пульс города" газетінде № 50 жарияланған).

3. Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-15 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-107 тіркелген, 2008 жылғы 24 шілдедегі "Жайық үні" газетінде № 30 және 2008 жылғы 31 шілдедегі "Пульс города" газетінде № 31 жарияланған).

4. Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 29 қыркүйектегі № 11-19 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-115 тіркелген, 2008 жылғы 9 қазандағы "Жайық үні" газетінде № 41 және 2008 жылғы 9 қазандағы "Пульс города" газетінде № 41 жарияланған).

5. Орал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 15-11 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-137 тіркелген, 2009 жылғы 7 мамырдағы "Жайық үні" газетінде № 19 және 2009 жылғы 7 мамырдағы "Пульс города" газетінде № 19 жарияланған).

6. Орал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 8 қазандағы № 21-11 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі № 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-156 тіркелген, 2009 жылғы 19 қарашадағы "Жайық үні" газетінде № 47 және 2009 жылғы 19 қарашадағы "Пульс города" газетінде № 47 жарияланған).